

ӘОЖ 811.111

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Сапарова Алина Мэлсовна

4 курс студенті, «Шет тілі: екі шет тілі» білім беру бағдарламасы,
Филология факультеті, М.Өтемісов атындағы БҚУ, Орал қ., Қазақстан

Ғылыми жетекші: Шамгонова Раиса Гарифуллиевна,
педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

Бұл мақалада ағылшын тілі сабағында мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастырудың маңызы мен жолдары қарастырылады. Автор оқушылардың тіл үйрену барысында өзге мәдениеттерді тануы мен құрметтеуіне жағдай жасау, сондай-ақ тілдік және мәдени құзыреттілікті қатар дамыту мәселесін қозғайды. Зерттеуде түрлі әдіс-тәсілдер мен тиімді әдістемелік үлгілер ұсынылады.

Кілт сөздері: мәдениетаралық құзыреттілік, ағылшын тілі, шет тілі оқыту, мәдениет, коммуникация, диалог.

Қазіргі жаһандану дәуірінде адамдар арасындағы байланыс шекараларға тәуелсіз дамып келеді десек те болады. Бұл үдеріс шет тілдерін меңгеру қажетін ғана емес, сонымен бірге өзге мәдениеттерді түсінуге де жол ашады десек артық айтпаймыз. Осыған орай білім беру жүйесінде, әсіресе шет тілі сабағында, мәдениетаралық құзыреттілікке ерекше назар аудару талап етуіміз де шарт. Мәдениетаралық құзыреттіліктің басын ашар болсақ – бұл адамның өзге ұлт өкілдерімен нәтижелі әрі құрметті қатынас орнатуға қажет білім, дағды және көзқарастар жиынтығы деп анықтама бере аламыз. Осы орайда ағылшын тілі тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар әлем мәдениетінің тасымалдаушысы ретінде де қызмет етеді. Сондықтан тіл үйренуші ағылшын тілін меңгеруімен қатар, сол тілде сөйлеуші халықтың мәдениетін де меңгеруі тиіс. Қазақстандағы көпұлтты орта мен көптілділік саясаты ағылшын тілін оқытуда мәдениетаралық компонентті қосуды барынша өзекті етіп те отыр. Себебі тек лингвистикалық қана емес, мәдени тұрғыдан да дайын оқушы әлемдік деңгейде ойлау қабілетіне ие болады, бәсекеге қабілетті маман болып қалыптасары анық. Осы мақалада біз мәдениетаралық құзыреттіліктің мәнін, оны қалыптастыру жолдарын және ағылшын тілі сабағында қолдануға болатын нақты әдістер мен мысалдарды қарастырамыз. Сөзіміздің түп төркіні ағылшын тілі тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар әлем мәдениетінің

тасымалдаушысы ретінде қызмет ететіні де айтпаса да белгілі. Сондықтан тіл үйренуші ағылшын тілін меңгерумен қатар, сол тілде сөйлеуші халықтың мәдениетін де меңгеруі тиіс.

Жоғарыда айтқандай мәдениетаралық құзыреттілік – бұл тұлғаның өз мәдениетінің ерекшеліктерін түсіне отырып, басқа мәдениет өкілдерімен тиімді әрі сыпайы қарым-қатынас орната алу қабілеті. Бұл құзырет білім, білік, тәжірибе және тұлғалық ұстанымдардың өзара байланысында қалыптасады. Яғни мәдениетаралық құзыреттілік ұғымы лингвистика, педагогика, психология және антропология ғылымдары негізінде де зерттеліп келгені бәрімізге белгілі. Мәдениетаралық құзыреттіліктің құрылымы көп деңгейлі. М. Байрам моделі бойынша, ол бес компоненттен тұрады: көзқарастар (ашықтық пен қызығушылық), мәдени білім, интерпретация мен салыстыру қабілеті, жаңа білімді игеру мен өзара әрекеттесу дағдылары, сондай-ақ мәдениетаралық сыни ойлау. Бұл теориялық база шет тілін оқытуда мәдениетаралық элементтерді мақсатты түрде енгізуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде, оқушы тек тілдік ақпаратты ғана емес, басқа ұлт өкілдерімен тілдік және бейтілдік деңгейде диалог орната алатын әмбебап дағдыларды да меңгереді. Осы орайда ағылшын тілі пәні – мәдениетаралық тәрбиенің негізін қалауға таптырмас құрал. Яғни тілдік орта шеңберінде оқушыларға шет тіліндегі мәдениетті жеткізу төмендегі педагогикалық тәсілдер арқылы жүзеге асыруға болады:

1. Аутентикалық материалдарды қолдану

Газет, журнал, телебағдарламалар, фильмдер, әндер мен подкасттар секілді шынайы материалдар ағылшын тілді қоғамның дүниетанымын түсінуге көмектеседі. Аутентикалық материалдар мәдениетке қатысты эксплицитті және имплицитті ақпарат тасымалдаушы ретінде маңызды рөл атқарады.

2. Жобалық және зерттеу жұмыстары

Оқушылар шетелдік мәдениеттер туралы ақпарат жинап, тақырыптық жобалар (мысалы: «Британ тағамдары мен қазақ асханасының ұқсастықтары мен айырмашылықтары») орындай отырып, салыстырмалы мәдениеттанымдық қабілеттерін дамытады. Бұл – өз көзқарасын қалыптастырып, дәлелдеу мен көпмәдениетті ойлауды қалыптастырудың тиімді жолы.

3. Рөлдік ойындар және мәдени сценарийлер

«Әуежайдағы жолаушы мен қызметкер» немесе «Халықаралық форумдағы танысу» сияқты рөлдік ойындар арқылы оқушылар нақты мәдени нормаларға сай әрекет етуді үйренеді. Бұл әдіс оқушының мәдени жағдайды модельдеу арқылы тәжірибе жинауына ықпал етеді.

4. Виртуалды халықаралық ынтымақтастық

Заманауи технологиялар арқылы басқа елдердің оқушыларымен онлайн платформада байланыс орнатып, ортақ жобалар орындау – мәдениетаралық диалог құрудың тиімді тәсілі. Мысалы, eTwinning жобасы арқылы қазақстандық

және еуропалық мектеп оқушылары бірлесіп виртуалды мәдени күндер ұйымдастыра алады

5. Мәдени талдау және салыстыру

Оқушыларға «Сіз өз мәдениетіңізде қалай амандасасыз?», «Қонақ күту салты қандай?» сияқты сұрақтар қойылып, оларды ағылшын тілді елдердің дәстүрлерімен салыстыру ұсынылады. Мұндай тапсырмалар мәдени рефлексияға жетелейді.

Мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру – тек теориялық пайымдармен шектеліп қалмай, нақты оқу үрдісінде жүйелі жүзеге асырылғанда ғана нәтижелі болмақ. Сол себепті де ағылшын тілі сабағында мәдениетаралық мазмұнды қамтыған тәжірибелік сабақ түрлері ерекше маңызға ие. Мұндай сабақтар оқушыны тек тілдік дағдыға ғана емес, сонымен қатар басқа халықтың рухани әлеміне, тұрмыс-салт ерекшеліктеріне, құндылықтар жүйесіне бойлауға жетелейді. Төменде осындай сабақтарға мысал боларлық бірнеше үлгі келтірсек болады. Мысалға алар болсақ:

1. Сабақ тақырыбын «Күнделікті өмірдегі мәдени айырмашылықтар» (Cultural Differences in Daily Life) деп алсақ дәріс-сабақта оқушылар Ұлыбритания мен Қазақстандағы күнделікті өмір салтын, әдет-ғұрыптарын салыстыра отырып талдайды. Мәтін тыңдау арқылы британ тұрмысына тән көріністермен танысып, кейін өз күн тәртібімен салыстыру арқылы ұқсастықтары мен айырмашылықтарын аша алады. Бұл тапсырма оқушының мәдени ойлау көкжиегін кеңейтумен қатар, ұлттық болмысын да тануға түрткі болады.

2. Сабақ тақырыбын «Әлем халықтарының мерекелері» (Festivals Around the World) алсақ сабақ барысында оқушылар әлемнің әртүрлі халықтарына тән дәстүрлі мерекелермен танысып, сол туралы шағын зерттеу жүргізеді. Әр топ белгілі бір елдің ұлттық мерекесі туралы ақпарат жинап, постер немесе PowerPoint слайд арқылы көпшілікке таныстырады. Бұл тәсіл зерттеу дағдыларын дамытып қана қоймай, оқушылардың шығармашылық қабілетін шыңдайды әрі өзге ұлттың мейрамдарын құрметтеуге тәрбиелейді.

3. Сабақты «Мәдениеттегі тыйымдар мен әдеп ережелері» (Do's and Don'ts in Different Cultures) деген тақырыпқа негіздесек сабақта оқушылар әр халықтың мінез-құлық нормалары, әдеп қағидалары мен тыйым салынған әрекеттері жайлы мәліметтермен танысады. Мысалы, жапон мәдениетінде үнсіздіктің мәні, АҚШ-та ашық әрі тікелей сөйлеудің қалыпты жағдай екені туралы деректер ұсынылады. Бұдан соң оқушыларға түрлі жағдаяттар беріліп, сол жағдайға сай қандай әрекет дұрыс, қайсысы орынсыз екенін талдайды. Мұндай жұмыс мәдени контекстті түсінуді, сыпайылық пен сыйластық қағидаларын тереңірек меңгеруге ықпал етеді.

Сонымен, ағылшын тілі сабағында мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру – заман талабынан туындаған, білім берудің басым

бағыттарының бірі. Жоғарыда ұсынылған сабақ үлгілері оқушыны тек тілдік дағдымен қаруландырып қоймай, өзге мәдениетті құрметтеуге, салыстыра отырып түсінуге, сондай-ақ өзінің ұлттық болмысын қайта зерделеуге жетелейді. Мұндай сабақтарда оқушы тұлғасы тек білім алушы ретінде емес, мәдениетаралық қатынастың белсенді әрі саналы субъектісі ретінде қалыптасады. Оқу мазмұнын өмірмен ұштастыра отырып, түрлі ұлттардың тұрмысын, құндылықтарын танытатын тапсырмалар арқылы жас ұрпақ бойында төзімділік, түсіністік, ашықтық пен мәдени сұхбатқа дайындық қасиеттері дамиды. Осылайша, шет тілін оқыту – жай ғана грамматиканы үйрету емес, ол – жаһандық қарым-қатынас кеңістігінде еркін бағдар таба алатын, көпмәдениетті ортада өзіндік ұстанымы бар тұлға тәрбиелеудің тиімді тетігі болып қала бермек.

Тоқсан ауыз сөзіміздің тобықтай түйінін шығарсақ, қазіргі білім беру жүйесі оқушыны тек пәндік біліммен қаруландыруды ғана емес, оны жан-жақты дамыған, заманауи әлемнің сұраныстарына бейімделген тұлға ретінде қалыптастыруды көздейді. Осы орайда мәдениетаралық құзыреттілік – ХХІ ғасыр адамының бойында болуы тиіс маңызды салалардың бірі. Әсіресе, шет тілін, оның ішінде ағылшын тілін оқыту барысында бұл құзыреттілікті мақсатты түрде дамыту – білім берудің өзекті міндетіне айналып отыр. Ағылшын тілі сабағында мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру оқушыларға өзге мәдениет өкілдерімен тиімді, сыпайы, түсіністікке негізделген қатынас орнатуға мүмкіндік береді. Мұндай құзырет – тек тілдік біліммен шектелмейді, ол ұлттық және жаһандық сана-сезім, төзімділік, эмпатия және мәдени әртүрлілікке ашық көзқарас сынды қасиеттермен сабақтас. Бұл құндылықтар жас ұрпақтың дүниетанымын кеңейтіп, оларды мәдениетаралық сұхбатқа қабілетті азамат ретінде тәрбиелейді. Мақала барысында талданған теориялық негіздер мен практикалық сабақ үлгілері көрсеткендей, түрлі педагогикалық тәсілдер (аутентикалық материалдар, жобалар, рөлдік ойындар, виртуалды байланыстар) арқылы мәдениетаралық құзыреттілікті табысты дамытуға болады. Тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол – мәдениеттің көрінісі, халықтың ойлау жүйесінің, салт-дәстүрінің, дүниетанымының көркем айнасы. Осы тұрғыдан алғанда, шет тілін оқыту – мәдениеттер арасындағы көпір салумен пара-пар. Қорыта айтқанда, ағылшын тілі сабағында мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру – бүгінгі таңда әлеммен еркін тілдесетін, өзгеге құрметпен қарайтын, өзіндік мәдениетін бағалай білетін, озық ойлы азамат тәрбиелеудің ең пәрменді жолдарының бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Шамгонова Р.Г. «Шетел тілі сабағында шетел мәдениетіне оқыту», «Жаһандық өзгерістер жағдайындағы ғылым мен білімнің өзекті мәселелері»

атты VIII халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, 2021 жыл, Алматы қ.

2. Бахарев, В.П. «Мәдениетаралық коммуникация негіздері.» – Алматы: Ұлағат, 2020.

3. Kramsch, C. Language and Culture. – Oxford University Press, 1998.

4. Byram, M. Teaching and Assessing Intercultural Communicative Competence. – Multilingual Matters, 1997.

5. Назарбаева, С. «Мәдениетаралық құзыреттілік: теориясы мен практикасы.» – Астана: ЕҰУ баспасы, 2019.

6. Council of Europe. Common European Framework of Reference for Languages: Learning, Teaching, Assessment (CEFR). – 2001.

ФОРМИРОВАНИЕ МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

Сапарова Алина Мэлсовна

Научный руководитель: Шамгонова Раиса Гарифуллиевна

В данной статье рассматривается значимость и пути формирования межкультурной компетентности на уроках английского языка. Автор поднимает вопросы создания условий для изучения и уважения других культур учащимися в процессе изучения языка, а также параллельного развития языковой и культурной компетентности. В исследовании предлагаются различные методы и эффективные методические модели.

Ключевые слова: межкультурная компетентность, английский язык, преподавание иностранного языка, культура, коммуникация, диалог.

DEVELOPING INTERCULTURAL COMPETENCE IN ENGLISH LANGUAGE LESSONS

Saparova Alina Melsovna

Scientific advisor: Shamgonova Raisa Garifullievna

This article explores the importance and methods of developing intercultural competence in English language lessons. The author addresses the need to create conditions for students to understand and respect other cultures during the language learning process, and emphasizes the simultaneous development of both linguistic

and cultural competence. The study presents various methods and effective methodological models.

Keywords: intercultural competence, English language, foreign language teaching, culture, communication, dialogue.

REFERENCES

1. Shamgonova, R. G. (2021). Teaching foreign culture in a foreign language lesson. In Proceedings of the VIII International Scientific and Practical Conference "Topical Issues of Science and Education in the Context of Global Changes" (Almaty, Kazakhstan).
2. Baharev, V. P. (2020). Fundamentals of Intercultural Communication. Almaty: Ulagat.
3. Kramsch, C. (1998). Language and Culture. Oxford: Oxford University Press.
4. Byram, M. (1997). Teaching and Assessing Intercultural Communicative Competence. Clevedon: Multilingual Matters.
5. Nazarbayeva, S. (2019). Intercultural Competence: Theory and Practice. Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University Press.
6. Council of Europe. (2001). Common European Framework of Reference for Languages: Learning, Teaching, Assessment (CEFR). Strasbourg: Council of Europe Publishing.